

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ
ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



ОҢАЛТУ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҚТЫ ТАҢУ ӘДІСТЕРІ

Орындаған: Мулдалиев М.Ш.

Қабылдаған: Телесбаев Б.Х.

Жоспар:

- Кіріспе
- I. Банкроттықтың мәні және кәсіпорындарды дағдарысқа қарсы басқарудың маңызы
- II. Кәсіпорындағы дағдарыс түсінігі, типтері және дағдарысқа қарсы басқару
 - 1) Дағдарыстың мүмкін болатын сәттері
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңдағы ауқымды өзгерістер кезеңі қоғам өмірінің барлық саласын жан-жақты қамтуда. Сол себепті қалыптасқан құрылымды мүлдем жаңартып, әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуға жол ашатын де-мократиялық қоғам құруға сай экономиканы нарықтық қатынастарға көшіру міндеті тұр. Осы негізінде әлеуметтік, рухани және тағы басқа күрделі мәселелерді шешу - бүгінгі күннің басты талабы. Сөйтіп бұл мәселелерді дәйекті түрде жүзеге асыру бүкіл қоғам мүшелерінің жаңаша көзқарасына, нақты іс - қимылына және олардың экономикалық біліміне тікелей байланысты. Экономикалық тәрбие - қоғамды дамытудың пәрменді күші. Сондықтан бүгінгі жаңа шаруашылықты жүргізу тәсілдеріне негізделген экономиканы басқаруға тартылатын мамандардың экономика-лық білім дәрежесі де жоғары болуы қажет. Банкроттық-кәсіпорынның ұдайы өндіріс капиталының шаруашылық механизмінің балансының бұзылуынан, яғни оның қаржылық және инвестициялық саясатының тиімсіз болуынан туындайды. Сондықтан шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштерінің өсу деңгейінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін және қаржылық банкроттығы жағдайынан шығу үшін кәсіпорынның жағдайын жақсартуға бағыттылған бағдарлама жасау керек. Банкроттық – нарықтық экономика жағдайында объективті экономикалық құбылыс болғандықтан Қазақстанда ол оны сауықтырудың құралына айналмады. Сондықтан бұл жұмыстың мақсаты – кәсіпорындардың банкротқа ұшырауы, төлемқабілетсіз болу себептері, оның салдары және оның алдын алу бағыттарын анықтау, банкроттыққа қарсы басқарудың ролі мен маңызын зерттеу болып табылады.

БАНКРОТТЫҚТЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ КӘСІПОРЫНДАРДЫ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСҚАРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Нарық жағдайында кәсіпорынның өміршеңдігінің кепілі оның қаржы-экономикалық тұрақтылығы болып табылады. Бірақ бірқатар отандық кәсіпорындардың қаржылық нәтижесі мен экономикалық дамуы ойдағыдай қолданыс таба алмай, дәрменсіз немесе банкроттық жағдайға душар болуда. Банкроттық нарық шаруашылығының бір категориясы ретінде соттың шешімі мен немесе кредитордың келісімі бойынша соттан тыс ресми түрде жарияланады. Қазақстан Республикасының «Банкроттық туралы» 07.04.1995 жылғы № 2173 Заңына сәйкес, ол қарызын төлей алмайтын, ақшалай міндеттемелер талабын қанағаттандыра алмау, сонымен қатар өзіне тиісті мүлік есебінен бюджет пен бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді қамтамасыз ете алмау жатады. Басқаша айтқанда, шаруашылық субъектісінің қарызды төлей алмауы, ағымдағы операциялық қызметті қаржыландыра алмауы, қарыздардың, міндеттемелердің өсуіне байланысты жедел міндеттемелерді өтеу қабілетсіздігі немесе борышкердің балансының қанағаттанарлықсыз құрылымына байланысты ұғымдар кіреді. Баланстың қанағаттанарлықсыз құрылымы борышкердің мүлкі мен міндеттемелерінің өтімділік деңгейінің жетіспеуіне байланысты кредитордың алдында мүлік есебінен міндеттемелерін дәл уақытысында төленбеуі жағдайында орын алады. Мұндай жағдайда мүліктің жалпы құны борышкер міндеттемелерінің жалпы сомасына тең немесе одан асып кетуі мүмкін.

Кәсіпорындағы дағдарыс түсінігі, типтері және дағдарысқа қарсы басқару

Қазіргі күнгі әдебиеттерде, әлеуметтік - экономикалық жүйенің дамуын-дағы ортақ дағдарыс түсінігі қалыптаспаған. Тұрмыстағы көзқарас бойынша, дағдарыс тек капиталистік өндіріс тәсілінде ғана тән құбылыс және социалистік өндірісте болмауы тиіс. Тіпті бұрындары социализмде дағдарыс жоқ, тек "өсім қиындықтары" деген теория қалыптасқан болатын. Көп жылдары біздің елімізде бұл түсінік, өндіріс дамуындағы экономикалық саясатты қалыптастырудың нақты факторы емес, тек идеологиялық тұрғыда болды. Кейбіреулердің айтуынша, бұл тек макроэкономикалық даму процесіне қатысты, ал кәсіпорын немесе фирма масштабында, мысалға, басқарудағы қателіктермен немесе басшылардың кәсіби деңгейінің төмендігінен туындайтын үлкен немесе кішігірім өткір мәселелердің болуы. Бұндай мәселелер дағдарыс дамуын көрсетпейді, олар объективті тенденция. "Дағдарыс" түсінігі "тәуекел" түсінігімен тығыз байланысты, ол өз кезегінде барлық басқару шешімдерін жасау методологиясына әсер етеді. Бұдан дағдарыс күтімін алыптастасаңыз, тәуекелдік өткірлігі жоғалады да дағдарыс жағдайы күрделене түседі. Дағдарыс мәселесіне басқа көзқараспен қарауға болады лардан туындамаған, бірақта кейбір сыртқы әсерлерге байланысты.

Дағдарыстың мүмкін болатын салдары

Тәжірбие көрсеткендей, дағдарыс, себеп - салдарымен де мінезімен де бірдей емес. Дағдарыстарды тармақтап жіктеу қажеттілігі, құралдарды дифференциациялап және оларды басқару әдістеріне байланысты. Егер дағдарыс типологиясы және дағдарыс мінезі белгілі болса, онда оның өткірлігін төмендету уақытын қысқарту және ауыртпалықсыз өтуімен қамтамасыз ету мүмкіндігі туады. Дағдарыстың ортақ және локальды түрлері бар. Ортақ барлық әлеуметтік-экономикалық жүйені қамтиды, локальды - тек оның бір бөлігін қамтиды. Бұл дағдарыстарды бөлудің масштабты көрінісі. Нақты дағдарыс жағдайларын талдау кезінде әлеуметтік-экономикалық жүйенің шекарасын, оның құрылымын және қызмет ету ортасын ескеру керек. Дағдарыс мәселелеріне қарай макро және микро деп бөлуге болады. Макродағдарыс едәуір үлкен көлемдегі және масштабты мәселелерге тән. Микродағдарыс тек жекелей мәселені немесе топтық мәселені қамтиды. Экономикалық дағдарыс тобынан қаржы дағдарысын бөлек алып қарауға болады. Ол фирмадағы қаржы жүйесі жағдайын немесе қаржылық мүмкіндігінің қайшылықтарын сипаттайды. Бұл экономикалық процестердегі дағдарыстың ақшалай көрінісі.

Кәсіпорын дамуындағы банкроттық дағдарыстар, оларды басқару саясаты

Қазіргі күнгі менеджмент әдебиеттерінде «ұйым» түсінігін кейбір шамамен негізделген, қоғамдық еңбек бөлінісінің жалпы жүйесіндегі құрылымдық бөлімше ретінде қарастырады. Бұндай негіздің критеріі болып, экономикалық өзбетіншілік, ұйымдастырушылық толықтылық (іпкі және сыртқы ортаның болуы), арнайы ақпараттық құрылымның болуы, бұл бөлімшеге жұмыстың жал-пынәтижесін бөлу мүмкіндігі. Әрине, өтпелі кезең жүйеге жағымды немесе жағымсыз әсер етуі мүмкін, яғни, жағдай жақсарайды немесе нашарлайды. Мәселе жақсару немесе нашар-лау туралы болғандықтан, бұндай бағалау ерікті немесе еріксіз субъективті дәрежеде болады. Ары қарай жүйе жағдайына өтпелі кезеңнің объективті бағасы негізделген критерийлер нұсқасы қарастырылады. Өтпелі кезең критерилері келесі түсініктерді қолдануды ұсынады: бейімделу (адаптация) процесі (А), жүйенің қоршаған ортада және өзінде болып жатқан өзгерістерге машықтануын көрсетеді (И); Құрылымдық өзгеріс процесі (Д), жүйе өзінің күрделілігін төмендетуді көрсетеді. Синерго құрылым немесе синергетикалық процесс (С), жүйе өзінің күрделенуін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Республикадағы экономикалық жағдайдың даму деңгейі кәсіпорынға тікелей әсер етеді, оның қаржы-экономикалық жағдайы мен банкроттық процесіне ықпал етеді. Қазіргі жағдайда көптеген кәсіпорындар үшін кәсіпорынның бәсекеқабілеттілігін арттыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан шаралардың маңыздылығы банкроттыққа қарсы басқарудың ролін арттырады. Осыған сәйкес кәсіпорындар шығарған өнімдерінің бағасын төмендету, өткізу көлемін көбейту, әрі нарықты тауарлардан сапалық көрсеткіштер жағынан ерекшеленетін өнім түрлерін өндіру арқылы нарықтағы жағдайын нығайтуға ұмтылуда. Жоғары деңгейдегі бәсеке жағдайында әрбір кәсіпорын мақсаты төлемқабілетті және қаржылай тұрақты бөлу. Дегенмен, кейбір кәсіпорындар сот шешімі бойынша төлемқабілетсіз деп танылып, банкроттыққа ұшырайды. Банкроттық борышкердің сотқа жазған өтініші бойынша ерікті түрде немесе оның өзінің банкроттығы жайында соттан тыс түрде кредиторлармен келісімге келе отырып, ресми түрде хабарлауы жолымен жасалады. Ал еріксіз түрде кредиторлардың немесе «Банкроттық туралы Заңымен өкімет берілген тұлғалардың өтініші негізінде жасалады. Банкроттық кәсіпорынның ұдайы өндіріс капиталының шаруашылық механизмінің балансының бұзылуынан, яғни оның қаржылық және инвестициялық саясатының тиімсіз болуынан туындайды. Сондықтан бұл жұмыста нақты жойылу қаупі бар кәсіпорын қызметін қаржылық талдау жүргізілген. Талдау нәтижесінде, кәсіпорынның банкроттықтық жағдайы анықталды, оның негізгі себептері, сапа және құны жағынан өндірілген өнімнің бәсекеқабілетсіздігі, сонымен бірге негізгі қорлардың жоғары деңгейдегі тозуы, айналым құралдарының жетіспеуі болып саналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2009-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 ж. 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы. Астана, 2009.
- Антикризисное управление подред. Э.М. Короткова - Инфра - М, 2001.
- Антикризисный менеджмент под ред. А. Г. Грязновой - М.: Экмос 1999. Нурмуханова Л.К. Природа кризисных явлений в рыночной экономике // Мысль. - 2009. - № 3. - с. 52-60
- .Нурмуханова Л.К. Концептуальные подходы к организаций антикризис-ного управления // Саясат. - 2009. - № 3-4. - с. 102-107
- Мухамбетов Т. И., Нукушев А. Г. Банкротство и антикризисное управ-ление предприятием Учебник: Алматы, 2000.